

КСРО Суретшілер одағының мүшесі, суретші Шаймардан Сариевтің туғанына 85 жыл толуына арналған суретшілер арасында «Ақтаңдақтар ақиқаты» тақырыбындағы республикалық байқау-көрмесінің ЕРЕЖЕСІ

Байқау-көрменің мақсаты:

- Тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін, қазақ зиялыларының зұлмат жылдардағы тартқан зардабына қатысты мәлімет жинақтау, өскелең ұрпаққа қадір-қасиетін жеткізу. Сол тарихи кезең сәттерін жан-жақты көрсету, тұлғалар болмысын кенеп бетінде жаңаша іске асыру, бояулар үнімен бере білу.

- Республиканың түкпір-түкпіріндегі суретшілердің басын біріктіріп, бейнелеу өнерін насихаттау, қоғамға суретшілердің жетістіктері мен мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру;

- Бейнелеу өнері әлемінде кәсіби суретшілер бастамаларын қолдау;

- Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген суретшілердің шығармашылық өзара іс-қимылына ықпал ету;

- Отандық қазіргі заманғы бейнелеу өнері саласындағы жаңашылдықты танымал ету;

Тәртібі:

Жұмыстар күн сайын Атырау облысы Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде сағат 10.00 мен 18.00 аралығында 2022 жылдың 28 қазанға дейін қабылданады.

Көрменің салтанатты ашылуы: 2022 жылдың 9 қараша күні сағат 15:00 де

Байқау-көрменің талаптары:

- Байқауға арналған туындылар тақырыпқа және эстетикалық талапқа сай болуы тиіс;
- Туындының сыртына автордың аты-жөні, туындысының аты, көлемі, техникасы, жылы, аймағы толықтай жазылуы қажет;
- Туындының сипаттамасы болуы тиіс;
- Туынды 1 дана болуы қажет;
- Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыс авторлық жұмыс болуы шарт;
- Байқауға қатынасу үшін арнайы сауалнаманы толтыруы тиіс;
- Байқауға қатынасушы жеке куәлігінің көшірмесін тапсыруы тиіс.

Жасалу техникасы:

- Кенеп, майлы бояу, көлемі, 100x120см. және одан жоғары, 1 туынды тапсыруы қажет;
- Туынды 6 см. кем емес жақтауымен (багет) болуы тиіс.

Ескерту:

- Байқауда жүлделі орынға ие болған туындылар кері қайтарылмайды.
- Үміткерлердің іс-сапар шығыны өз есебінен.
- Байқау-көрмеге қатынасушылар ҚР Суретшілер Одағының мүшесі болуы тиіс.
- Жүлде алмаған жұмыстар ұйымдастырушылар есебінен қайтарылады.

Байқау қорытындысы:

Жеңімпаз қатысушылардың барлығы дипломмен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Байқау-көрме нәтижесінде:

Бас жүлде иегері – 700 000 теңге

I орын – 500 000 теңге

II орын – 400 000 теңге

III орын – 300 000 теңге

Біздің мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 11

Байланыс телефоны: Атырау қаласының коды:

8(712)2-30-68-93, ұялы 8 775 321 01 63, 8 701 187 70 20, 8 778 549 96 99.

КСРО Суретшілер одағының мүшесі, суретші Шаймардан Сариевтің туғанына 85 жыл толуына арналған суретшілер арасында «Ақтаңдақтар ақиқаты» тақырыбындағы республикалық байқау-көрмеге қатысушыларға арналған

ӨТІНІМ

Аты-жөні _____

Туған күні, айы, жылы _____

Облыс (қала) _____

Жұмыс орны _____

Суреттің атауы _____

Суреттің көлемі _____

Орындалу техникасы _____

Байланыс телефоны _____

Электронды пошта _____

Мен байқау-көрменің барлық шарттарына келісемін _____

Толтырылған күні « ____ » _____ 2022 жыл